

«БАБЫРНАМА» ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ КЕЙБІР ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭТЮДТЕР

ҚОЖАНҰЛЫ М. 

Қожанұлы Манасбай – Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, Астана қ., Қазақстан
E-mail: m_kozhanuly@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9935-0750>

Андатпа. Мақалада XV-XVI-ғасырлардағы Орта Азия және Қазақстан халықтарына ортақ мұра, ортағасырлық тарихи-әдеби жазба «Бабырнама» ескерткішіндегі кейбір этнографиялық ұғым-атаулардың (этиюдтер) тарихи сипаты мен аспектілері туралы сөз етіледі. Шығарма сол дәуірдегі ата-бабаларымыздың және өзі билік еткен елдердің тыныс-тіршілігі, кәсібі, тіпті, сол заманның ғибраты мол әдет-ғұрыптық (рухани-мәдени) әліппесі мен заңдылығы баяндалады. Мақалаға негіз болған этнографиялық этиюдтердің мағыналық белгілерін танымдық тұрғыдан қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің пайда болуы, дамуы мен қалыптасу тарихына ықпал ететін факторлардың бірі екеніне назар аударып, оларды ғылыми-ақпараттық ресурстарымен бірге, зерттеуші ғалымдар пікірімен негізделіп, ұсынылады. Мұның өзі Шығарманы одан әрі зерттеудің әлі де болса өзектілігін айқындай түседі. Автор, «Бабырнамада» сақталған және ғасырлар бойы қалыптасқан көшпенді түркі жұртына тән этнографиялық этиюдтердің кейбір қырларын қазақтың рухани-мәдени әлемімен және оларды тағы бір ой елегінен өткізіп, танымдық тұрғыдан модельге бөліп қарастырады. Қазіргі және кешегі қоғамда да ұл балаларды тәрбиелеудің рөлі мен орны жөнінде соңғы кезде ғылымда пайда болған этнопедатрия саласын әртүрлі ғылым салаларымен ұштастыра зерттеу өзекті мәселе екенін де ұсынады.

Түйін сөздер: «Бабырнама» ескерткіші, этнографиялық ұғым-атаулар (этиюдтер): тобық ойнау, белбеу тастау, жамбы ату

Кіріспе. Қазақ халқы тарихи-жазба ескерткіштерге кенде емес. Соның бірі – Орта Азия мен Қазақстан халықтарына ортақ мұра, орта ғасырлық тарихи-әдеби жазба, әрі естелік шығарма - «Бабырнама» (одан әрі – Шығарма).

Шығарма авторы Үндістан мен Ауғанстан жерінде (1526-1858) Ұлы Моғол империясының негізін қалаған Темір әулетінің ұрпағы Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр: «Естелік жазудағы алға қойған мақсатым – ақиқатты, қандай да болмасын істі сол қалпында баяндап жазу. Сондықтан тумаларымның, бауырларымның жақсы-жаман істерін, алыс-жақын адамдардың кемшілігін де, артықшылығын да бүкпесіз айтып отырмын. Оқырман да, құлақ салып тыңдаушы да кешірім етер деймін!» [1, 222],- деп жазғандай, Шығарма алғашқы да естелік ретінде жазылса да, уақыт өте келе, ол бүгінгі ұрпаққа құнды жәдігер ретінде жететінін білмесе керек.

Зерттеу нысанамызға орай, Шығарманың бір ерекшелігі адамдар мен жер-су аттарының көптігіне қарамастан, автор басынан өткен оқиғаларды рет-ретімен аса ұқыптылықпен және сол заманның ғибраты мол әдет-ғұрыптық (рухани-мәдени) әліппесі мен заңдылығын баяндайды. Сондай-ақ өзі билеген Кабул, Үндістан елінің табиғаты, тыныс тіршілігі, кәсібі, тілі мен әдет-ғұрпы, т.б. туралы қызықты ақпаратты оқырман назарынан тыс қалдырмайды. Мұның өзі уақыт өткен сайын Шығарманың зерттеу өзектілігінің мәнін айқындай түсетінін көреміз.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Шығарма күні бүгінге дейін дүниежүзілік шығыстанушы және отандық зерттеуші ғалымдардың назарында болуы, оның әлі де зерттелмеген аспектілері бар екенін көреміз. Зерттеу объектіміздегі этнографиялық этиюдтерді танымдық тұрғыдан отандық және шетелдік ғалымдардың көзқарастары және ғылыми-ақпараттық ресурстары негізінде бақылау, салыстыру, талдау әдістері қолданылды. Бұл Шығарманы одан әрі зерттеп-тануға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және оларды талқылау. Зерттеу объектімізге орай, «этнографиялық этиюд» тіркесін мына жолдармен шектеуді жөн көрдік. Ғылымда «этнография» термині туралы әр түрлі

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences анықтама мен түсініктемелер болса да, бір ғана ортақ тұжырым, яғни белгілі бір халықтардың шығу тегін, қоныс аударуын, оның құрамын, тұрмысы мен әдет-ғұрпын, материалдық және рухани мәдениетін сипаттау болса, ал этюд дегеніміз фр. тілінде «etude» – зерттеу мәнін білдіреді. Олай болса, *этнографиялық этюд дегеніміз* белгілі бір халықтың шығу тегі мен мекені, құрамы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениетін зерттеу деген сөз. Олай болса, Шығармада кездесетін кейбір этнографиялық ұғым-атауларды (этиюд) тағы бір ой елегінен өткізіп, оқырман назарына танымдық тұрғыдан ұсынып, шартты түрде іштей мынадай модельге (топқа) бөліп қарастырдық.

Ойын түрлері: тобық ойнау, белбеу тастау, жамбы ату

Тобық ойнау

Қазақтың *тобық* ойыны еліміздің кейбір жерінде *тобық тығу, тобық жұту* деп те аталады. Бұл ойын шарты бойынша: «**Тобық ойнау этн.** – жас қыз-келіншектер мен жас жігіттердің бір-біріне тобық беріп, күтпеген жерде қайта сұрап ұту ойыны [2, 327],- дегендей, жастардың (кейде құрдастардың, ересектердің – астын сызған біз) жиі бас қосқан кезінде ойналатын ойында арада біраз уақыт өткен соң, қызға не жігітке күтпеген жерден «тобығымды бер» деп сұрауы арқылы қыз бен жігіттің берген уәдесін орындалуын, ұқыптылығын, сөзге тұрақтылығын білдіретін серттесу ойын түрі ежелден келе жатқан дәстүр екені белгілі. Соның бір көрінісі, Шығармада: «Соған қоса үнемі нард ойнайтын, кейде тобық ойынын да ойнап қоятын» [1, 20],- деп, Әмір Темірдің ұрпағы Омар Шейх мырзаның тобық ойыны ойнайтынын алға тартады.

Біздіңше, ежелден келе жатқан қыз-жігіт арасындағы *тобық тығу, тобық жұту* дәстүрі, серттесу ойыны уақыт өте келе, араға айлар, жылдар салмай-ақ, кейін отырыстарда белгілі бір бағалы затқа серттесу арқылы ойын шартымен тобығын сұрауын көреміз. Бір сөзбен айтқанда, бұл ойыннан жастарды айтылған сертке, уәдеге, сөзге тұруға, қала берді, ұқыптылыққа тәрбиелейтінін байқаймыз.

Белбеу тастау

Қазақтың белбеу тастау ойын шартында: «**Белбеу тастау**» - ойынына жиналғандар дөңгелене шеңбер бойына отырады. Жүргізуші шеңбер сыртында белбеуді қолына ұстап жүгіре басып айналып жүреді де, өзінің көңіліне жаққан ойыншысының артына білдірмей тастауға тырысады (егер ол біліп қойса тастамау керек). Жүргізуші білдірмей тастап кетсе, шеңберді айналып қайтып келіп, белбеуді алады да, артында белбеу жатқан ойыншыны «Орнынды тап» деп белбеумен ұрады. Сөйтіп, шеңберді айналдыра қуалап, қайтып орнына келгенше соғады. Ал ойнаушы белбеуді артына тастап кеткенін біліп қойса, белбеуді ала салып, ойын жүргізушінің өзі босатқан орынға жеткенше қуалайды. Ойын осылай жалғаса береді [3], - деп атап көрсеткендей, ойыннан жастарды шапшаңдыққа, төзімділікке, батылдыққа, ептілікке баулумен қатар, жауынгерлікке бағыттайтын тәрбие құралы ретінде пайдаланылғанын байқаймыз. Соның нақты дәлелі, Омар Шейх мырза әмірлерінің бірі Хасан Жақып бекті іске келгенде надан, сөзінде, ісінде тұрақсыз, жалқау дей келе, Шығармада: «Ол батыл, мерген болатын, шауганды жақсы ойнайтын. *Белбеу тастау* ойнағанда, ор қояндай секіретін» [1, 28], - деп, оның бұл ойында өте шапшаң, жақсы ойнауы арқылы Омар Шейх мырзаның абыройын асқақтатын адамының бірі дегенді меңзейді.

Жамбы ату

Бұл - көшпенді халықтарының дәстүрлі ұлттық ойын түрі және бүгінде түркі тілдес елдерінде кеңінен қолдау тауып, Дүниежүзілік көшпенділер ойындары бағдарламасында орын алуы соның нақты көрінісі.

Бұл ойын туралы Сөздікте: «Жамбы ату – Биік бағандағы жамбыны ат үстінен ататын спорт ойыны. ...Мұнда биік бағанаға ілінген күміс жамбыны ат мінген жігіттер сапта тұрып не шауып келе жатып белгілі қашықтықтан (садақпен, мылтықпен) атады. Жамбыға не ол ілінген жіпке тигізіп, оны атып түсірген адам жеңген болып есептеледі. Мергендікке, ел қорғауға дайындайтын

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences тәрбие түрінің бірі [2, 320]», - десе, жазушы Б. Қайратұлы: «Жамбы ату ойынын – көшпенділер жауынгерлердің мергендік қабілетін жетілдіру үшін қолданған. Басты мақсатты: біріншіден, әскери-жауынгерлік дайындықты жетілдіру, екіншіден, ел арасындағы мергендерді (садақшыларды) анықтап оларды көтермелеу, үшіншіден, сыналған мергендерден арнайы топ құрып, соғыста күштік құрлым ретінде пайдаланған [4], - деп, жамбы ату ойының мақсатын одан әрі нақтылай түседі.

Шығармада жамбы атуда Омар Шейхтің ұрпағы Сұлтан Құсайын мырзаның үнемі қасында болатын Есілім Барластың кейбір жауынгерлік ерекше қасиеттеріне тоқтала келіп: «*Жамбы атыста* атпен шауып бара жатып садақ тартып, нысанаға дәл тигізетін» [1, 188], - деп, оның садақ атудағы шеберлігін сөз етеді.

Тіліміздегі *Жамбы* сөзінің шығу төркінін көне түркі тілінде «ямбу» яғни, алтын немесе күміс дегенді білдіріп, ертеде оны күмістен құйылған ақша мәнінде қолданылса, ал Жамбы атауы қазақ ортасына моңғолдар арқылы немесе саудамен ертерек шұғылданған ұйғыр, өзбектер арқылы тараған болу керек (Б.Б.)» [5, 80], - десе де, қазақтың көнеден келе жатқан ұлттық ойының бірі екенін «Алпамыс жырынан» көреміз. Жырда:

«Енді атқа мінеді,
Жамбыға қарай жүреді,
«Диуана да келді!» - деп
Мазак қып Ұлтан күледі...
Атып тастап жамбыны
Ұлтанға жетіп келеді.
Етегінен ұстады:

«Бәйгемді бер», - деп қыстады... [6, 71-72], - деген жолдардан Алпамыстың жамбыны атып алып, Ұлтаннан тіккен бағалы сыйлығы «бәйгемді бер» деп талап етуінен, жамбыны атып түсіруге қойылатын негізгі талабы екенін көреміз. Сонымен, *жамбы ату* ұлттық ойына берілген ұғым-түсініктен, Шығармадан және «Алпамыс батыр» жыр жолдарынан оның көнеден келе жатқан көшпенді түркі халықтарының ұлттық ойыны екенін байқаймыз.

Жалпы, жоғарыда аталған ойындар арқылы да адамдардың іс-әрекеттері, мінез-құлықтары т.б. оқиғаларды сипаттап қоса берілуінен де Шығарманың құндылығын аңғарамыз.

Осы жерде ескеретін нәрсе: соңғы кезде дүниежүзі халықтары арасында ұл-қыз балаларды тәрбиелеуде, олардың қоғамдағы кешегі мен бүгінгі орны жайында, әсіресе, ғылымда ер балаларды тәрбиелеудегі рөлі туралы жаңа ғылымы саласы этнопедиярия ғылымы пайда бола бастады. Біздіңше, бұл ғылымның қайнар көзі сонау көшпенді жауынгерлерді шыңдайтын жамбы ату, белбеу тастау, қыз қуу т.б. ойындарынан бастау алатыны сөзсіз. Әрине, қазақ қоғамында бала тәрбиесі (ұл бала – астын сызған біз) адам капиталының ажырамас бір бөлшегі десек, онда этнопедиярия ғылымын әртүрлі ғылым салаларымен ұштастыра зерттеу өзекті мәселе болады деп ойлаймыз.

Ру-тайпа аты: *кас/каш, қызылбас, алаша*

Жоғарыда айтқанымыздай, этнография ұғымына белгілі бір ру-тайпаның шығу тегі мен мекенжайы, таралу аймағы жататынын ескерсек, Шығармада әрбір ру-тайпаның қай рудан екені тұрған жерімен және қай өңірде қандай ру-тайпалар мен халықтар тұратынын қоса аталып отырады. Сондай-ақ, Шығармадағы ру-тайпа адамдарының артықшылығы мен кемшіліктерін баяндау барысында олардың қадір-қасиетіне, мінез-құлқына, адамгершілік қасиеттеріне, тоқталып, оларға автор өзінше пайымдау жасай отырып, жергілікті тұрғындарының қандай тілде сөйлейтін де назардан тыс қалдырмайды. Мысалы, «Кабул аймағының тұрғындары он бір немесе он екі тілде сөйлейді; бұлар: *араб, парсы, түркі, моғол, үнді, ауған, пашаи, парадж, гибр, бирк, ламган тілдері*. Бізге мәлім ешбір аймақта әр түрлі тілде сөйлейтін мұншалық көп тайпа мекендемейді» [1, 142], - деген жолдардан көреміз.

Зерттеу барысында Шығармада кездесетін ру-тайпалар мен халықтар аттары бұл күнде дүниежүзінде белгілі. Алайда, олардың бір тобы жойылуы алдында, не белгілі ру-тайпа құрамына кірігуі мүмкін-ау деп, оны өзімізге, әрі оқырманға түсінікті болу үшін іштей мынадай топқа бөлдік: 1) бізге таныс: моғол (моңғол), өзбек, түрік, сарт, арғын, араб, хазар, ауған, арғын, кас/каш (*астын сызған – біз*), ұйғыр, қыпшақ, барлас, тәжік, қызылбас (иран), парсы, түрікпен, шағатай, қарлұқ, қарақойлы, *қарақойлы бұқарлу руы*; *қарақойлық түрікпен*, қаушын, мінгі, тұғышы, шоғырақ; 2) бізге беймәлім немесе таныс емес: шарас, бекшік, ашпар, түрікшар, пашай, парадж, беркі, никудер, ғагиани, никдар, құрани, киви, сұр, исахаил, ниязай, дилазақ, жуд, жанжуха, қаққар, 3) рудың тұрған жерімен аталуы: *Түркістан қыпшақтары*; *науандық Барластары*; *Әбдірахман руының ауғандықтары*, т.б.

Жоғарыдағы асты сызылған *кас/каш* тайпасы тарих сахнасында Солтүстік Кавказдан Қара теңізге, Волгадан (Еділ) Сібірге, Орта Азиядан Қазақстан аумағында қыпшақ бірлестігіне дейін (VI-XII ғғ.) сарматтар құрамында *кас*, *каш* (*каз*) тайпасы [7, 71] болса, *кас* тайпасы туралы Шығармада: «Синд өзенінің арғы бетіндегі тауларда Кашмирге қарайтын аймақтар бар. ...Кашмирдің арғы жағында сан жетпес тайпалар, халықтар ұлан-ғайыр аймақты алып жатыр. ...Үндістанның бұл бөлігінің тұрғындары жайында көп сұрастырдық, бірақ ешкім мандытып дәл мәлімет бере алмады. Жұрттың айтуынша бұл таудың халқын *Кас* деп атаайтын көрінеді. Маған мынадай бір ой келді: үндістандықтар «шин» (әрпін), «син» деп айтады. Үндістан тауындағы ең көрікті қала – Кашмир, жалпы, ол таулы өлкеде, біздің естуімізше, Кашмирден өзге қала жоқ, олай болса Кашмир аталуының себебі де сол халықтың есімімен байланысты болар, яғни «*Кас*» - «*Каш*» [1, 294-295],- деген жолдардан сонау VI-XII ғғ өмір сүрген *кас/каш/каз* тайпасы Үндістан жерінде де мекен етіп, өңірде этнотопоним ретінде сақталып қалғанын көреміз.

Бұл жерде *кас/каш/каз* тайпасына қатысты зерттеуші ғалымдар көзқарастарын еңбегімізде [8, 77-79] жан-жақты тоқталғандықтан, қайталап жатпадық.

Қазақ жырларында жиі аталатын *қызылбас* атауы Шығармада: «Самарқанды басып алғанда, ол маған қызмет еткен; содан кейін Үргенішке кетті; билікке таласты. Астрабадта *қызылбастардың* қолынан қаза тапты [1, 180]», - дегендей, Сұлтан Құсайын мырзаның жиені Сейіт Барақтың қайтыс болған жері, яғни асты сызылған атау бүгінгі Иран жеріндегі қала екені белгілі. Бұл жерде, *қызылбас* атауына қатысты зерттеуші ғалымдар көзқарастарын еңбегімізде [8, 94-б.] тоқталғандықтан, осы арада тағы бір рет академик-жазушы С. Мұқанов зерттеуіне назар аударсақ:

«Сенің атаң сарт еді,
Менің атам қызылбас,
Екеуімізді «пір» тұтқан,

Сірә, мына ел оңбас!», - деп, одан әрі автор: «сарт» дегені иран мен тураның қаны араласудан пайда болған ұрпақтар, «қызылбас» дегені – парсылар» [9, 19], - деп жазады. Осы орайда, дүние жүзі тілдерінің жіктелуін назарға алып, туыстығы жағынан парсы тілі үндіеуропа тілдері семьясы жағынан иран тобына жататындықтан, біздіңше, қазақ жерінде *қызылбас* атауын зерттеушілер бірде иран, бірде парсылар деп атаса керек.

Шығармада бір қызығы Алаш, Алаша (хан) есімі жиі аталып, оның аталуы туралы «Сұлтан Махмұт ханнан кішісі Сұлтан Ахмет еді. Ол жұртқа *Алаша* хан есіммен мәшһүр болды. Оның Алаша хан аталуының себебі қалмақтар мен моғолдар кісі өлтірілген адам «*алаш*» деп атайды-мыс. Сұлтан Ахмет хан болса қалмақтарды талай рет жеңіп, көп адамды қырғынға ұшыратқан, сондықтан да ол *алаш* аталып, келе-келе *Алаша* есіміне айналған» [1, 25], - деп жазады.

Осы орайда, кезінде зерттеу жұмыстарымызда Алаша атауына қатысты отандық және шетелдік ғалымдар зерттеулеріне тоқталып, өз болжам пікірімізді ортаға салғандықтан, бұл жерде қайталамадық [қараңыз: 8, 32-35; 10, 22-24]. Біздіңше, Шығармадағы Алаш, Алаша (хан) атауы бүгінгі қазақтың ұлт болып бірігуіне ұйытқы болған этноним ретінде қазақ аңыздарындағы алты

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
алаштың атасы болып есептелетін Алаша хан есімімен байланысты емес пе екен деген ойға
итермелейді демекпіз.

Шығармадағы ру-тайпа аттары сонау VI-XII ғғ. бұрында да өмір сүріп, бізге жеткен
этнонимдерді асқан талғампаздықпен оқиғалармен ұштастыра баяндалғанын байқаймыз.

Жыл мезгілдері: ай, жұлдыз аттары, мезгіл атаулары

Ай, жұлдыз аттары

Қазақ халқы да дүниежүзі халықтары сияқты, жыл сайынғы табиғаттың құбылыс-
зандылығын ескеріп, Күннің, Айдың, Жұлдыздың қозғалысы мен тууына қарап, күнделікті ауа
райын болжағанын көреміз.

Шығармада бүгінде ұмытылып кеткен, алайда, ауызекі және жазба тілде қолданыла бастаған
мұсылманша (ескіше) жыл он екі ай аттары мен жұлдыз айлар аттарының берілуінен де өзінің
құндылығын жоймағанын көреміз. Автор оқиғаны нақты болғанына қарай жылы мен күндерін
берсе, кейде ретіне қарай айы мен күнін, аптаны және сол сәттегі көрінген шоқ жұлдыз аттарымен
бірге қоса беріп отырған. Шығармада жиі кездесетін ай аттары: рамазан, раджаба, мұхаррам,
шабана, шауал/шаууал, раби, сондай-ақ анда-санда аталатын ай аттары: сафар, пахра, зу-л-када,
зу-л-хиджа, және жұлдыз аттары: шөміш, тоқты, ақбозат, балықшы, темірқазық, т.б.

Жоғарыда аталған ай және жұлдыз аттары туралы сөзіміз дәлелді болу үшін бір-екі
мысалдармен шектеуді жөн көрдік. Мысалы, «Сегіз жүз тоқсан тоғызыншы жылдың *рамазан*
айында, он екі жасқа қараған шағымда, Ферғана аймағының билеушісі болдым» [1, 13],- деп,
Бабырнама өзі туралы жазса, ал кейбір оқиғалар туралы «*Мұхаррама* айында Ферғана жерінен
аттап, артыма қарайлай-қарайлай Хорасанға бет алып, Хисар аймағының Лақ жайлауына келіп
аялдадым» [1, 133] немесе «Осы жылдың аяғында, *зу-л-када* айының төртін күні, сейсенбінің
кешінде, күн *Балықшы* шоқ жұлдызында тұрғанда, Кабул аркасында Хұмайын дүниеге келді» [1,
239],- деген жолдардан көруге болады.

Зерттеу аясында Шығармадан бір байқағанымыз: біздің жердің табиғатын Кабул
(Ауғанстан) мен Үндістан жерінің табиғатымен, тіпті, өзара шекаралас жатқан осы екі елдің
ыстық аймақтарының бір-біріне ұқсастығы мен ұқсамайтынын салыстыра келіп, олардың
ерекшеліктерін көруге болады. Сондай-ақ, автор, өзі билік құрған сол бір ғажайып өлке
табиғатында болатын жыл он екі айдағы ауа-райын ескеріп, оқиғалар *раджаба, мұхаррам,*
шабана, шауал, рамазан, раби, кейде сафар айларында болғанын тілге тиек етеді. Сондықтан
Шығармадағы мұсылманша (ескіше/арабша) ай аттарын алфавиттік тәртіппен оқырманға
түсінікті болу үшін этнограф-жазушы С. Кенжеахметұлының [11, 239] зерттеу дерегі бойынша
қазіргі аталуын қатар ұсынып отырмыз.

Зу-л-када/зұлкағда – мамыр – май	Рамазан – наурыз – март
Зу-л-хиджа/зулқыжжа – маусым –	Рәби/рәбиғұл әдуал – қыркүйек –
июнь	сентябрь
Мұхаррам – шілде – июль	Сафар – тамыз – август
Раби/рәбиғұл ахыр – қазан –	Шабана/шағбан – ақпан – февраль
октябрь	
Раджаба/режеп – қаңтар – январь	Шаууал/шәууал – көкек – апрель

Жалпы, Шығармадағы оқиғалар ай, жұлдыз және әр күннің аттарымен бірге атап, табиғат
құбылыстары мен өзгерістеріне жіті көңіл бөліп, оқиғаның одан әрі қалай өрбитінін болжап,
есептеп отырғанын байқау қиын емес. Қалай десек те, Шығармадағы оқиғалардың кейде көздеген
мақсатына жете алмауы, оған себеп: ауа райына қатысты белгілі бір себепсіз, негізсіз, жүйесіз
болмайтыны сияқты кейбір болжамдардың ауытқып отыруы, жылдар бойы байқап, бақылап
зерттеген халықтың болжам тұжырымдарынан көреміз.

Жыл мезгіл атаулары

Бағзы заманнан бері атам қазақ жыл мезгілін (астын сызған – біз), уақыт, мерзім өлшемдерін жеке-жеке бөліп қарап, оны күн, ай, жыл санау арқылы және жұлдыздың қозғалысы мен тууына қарай болжап отырған. Ғылыми тұрғыда «Ай - жылдың бөлігі, уақыт өлшемі, ұзақтығы Айдың Жерді бір айналып шығатын мезгіліне тең», - дегендей, қазақ ұғымындағы жыл мезгілі туралы белгілі жазушы-этнограф С. Кенжеахметұлы: «Халқымыз жылды он екі айға бөледі де оны «ай санау» деп атайды. Бұл ерте замандардан қалыптасқан дәстүр. Түркі халықтары жылды тағы да төрт маусымға (яғни тоқсанға) бөледі. Әр айдың атаулары немесе оны тоқсанға яғни әр маусымға бөліп табиғат құбылыстары, ауа райы ескерілген» [11, 233], - десе, Шығармада: «Бізде жылдың төрт мезгілі болса, Үндістанда үш мезгіл. Онда: төрт ай - жаз, төрт ай – жаңбыр, төрт ай – қыс; әр айдың басында жаңа ай туысымен жаңбыр басталады. Әрбір үш жылда жаңбырлы айға бір ай қосып отырады, тағы үш жылдан кейін қысқы айларға бір ай, тағы үш жылдан кейін жаздық айға бір ай қосылады; осы жылдарды кібісе жыл деп атайды. (Чайт, Байсах, Жет, Асарх) – жаз айлары; бұлар Балық, Тоқты, Торпақ, Егіздерге (Босаға) сай; (Саван, Бхадун, Ковар және Катик) – жаңбырлы айлар; бұлар Шаян, Арыстан, Бикеш, Мизамға сай; (Аган, Пус, Маг, Фальгун) – қыс айлары; бұлар Шаян, Атқыш, Ешкімүйіз және Сушыға сай. Үндістанның тұрғындары жыл мезгілін төрт айға бөлгенде, жылдың әр мерзімінде қатты ыстық, жаңбыр немесе суық екі-ақ ай болады деп есептейді. Жаздың екі айы – Жет пен Асарды ыстық қатты болатын ай, ал жауынды мезгілдің алғашқы екі айы – Саван мен Бхадунды нөсерлі жаңбырлы ай, қыстың ортаңғы екі айы – Пус пен Маг қатты суық кезеңі деп санайды. Осындай есепке қарағанда олар жылды алты мезгілге бөледі...» [1, 313], - деп жазады.

Осы орайда, өзімізге таныс жылдың төрт маусымы: көктем, жаз, күз және қыс айлары туралы ғылымға және халықтық тәжірибеге сүйеніп айтылған этнограф-ғалым С. Кенжеахметұлының [11, 233-238] пайымдауларын бізде қолдаймыз.

Жыл мезгілдеріне (*ай, жұлдыз аттары, мезгіл атаулары*) қатысты ойымызды қысқаша түйіндесек, Шығармада, бізде жылдың төрт мезгілдері шығыстың және түркі халқының наным-сенім қағидаларына, астрологиялық есептеріне құрылғанын алға тартса, ал үнділерде жылдың үш мезгілге бөлінетінін және олар да түркі халықтары сияқты халықтық тәжірибеге сүйеніп, әр айдың атауларын атап, сол кезеңдегі күн жолындағы шоқ жұлдыздар арқылы табиғат құбылысы мен ауа райын, қажетті жағдайда оларға табынып отырғанын, қысқа да нұсқа түрінде баяндағанын байқаймыз.


Кәсібі: балық аулау әдісі

Шығармада өзі билеген Ауғанстанның астанасы, көне шаһары, әрі Кабул өзенінің тіршілік нәрі, күн көрісі балық аулау кәсібі де кеңінен сөз етілген. Шығармада өңір тұрғындарының балық аулау әдісінің екі түрімен: бірі – ыңғайлы жерге үйеңкі шыбығынан тоқылған тор арқылы Гүлбахара, Паруан, Исталиф өзендерінде балықты осы әдіспен ұстайтынын; екіншісі, Ламғанатта қыс мезгілінде балықты өзге, тағылау әдіспен де аулайтынын айтады.

Балық аулаудың бірінші әдісі – бұл сырттай қазіргі заманғы жіппен тоқылған тор (*құрма тор*) ау құралымен сәйкес келеді және ол әлі күнге дейін қолданылуда. Автор айтқандай, бізге қызықтау болып көрінген осы екінші, тағылау әдісі, Шығармада: «Ламғанатта қыс мезгілінде балықты өзге, тағылау әдіспен де аулайды. Жоғарыдан су ағатын жерге су түбінен шұңқыр қазады да, жағалай қоршап, тас қалайды, су өтетін бір ғана тесік қалдырады да, ошақ сияқтандырып үстінен де таспен қоршайды. Үйілген тастың астынан су өтіп жатады, ал әлгі шұңқыр балықтың ұясы сияқты болып қалады. Қыстың күні балық керек болғанда, осы шұңқырдың бірін ашса, қырық-елу балық ұстайды. Шұңқырды мынадай әдіспен ашады: оны белгілі үйреншікті жерден қазалы, су алатын бір ғана ауыз қалдырады; барлық жағынан күріш сабанымен жабады, оның үстінен тас үйіледі. Шыға берісіне тор керіліп, оның ұшы бір-біріне байланады. Ол тордың ішіне тағы бір тоқыма тор енгізеді, оның тесігі сыртқы тоқыма тордың тесігімен бірдей болу керек; ішкі

тоқыманың ұзындығы сыртқы тоқыманың ұзындығының жартысынан тең болу керек; ішкі тоқыманың шыға беріс тесігі тар болады. Балық ішкі тоқыманың тесігінен өтіп, үлкен тоқымаға түседі, ал үлкен тоқыманың төменгі тесігі балық шыға алмайтындай тар болу керек, ал ішкі тоқыманың төменгі тесігінен жоғары тесікке көтерілген балық бірінен кейін бірі ішкі тесікке кіргендей жасалады; ішкі тесіктің аузына құрылған тоқыманың ұшы тар болады. Осы тесіктен кірген балық үлкен тоқыманың ішіне енеді, ал оның ұшы шығатын тесікке байланып тасталады, сондықтан балық жол таба алмай қала береді. Егер кейінге қайтайын десе, ішкі тоқыманың шанышқы ұштарынан өте алмайды. Бұл тоқыманы төмен қарай басады да, күріш сабанының бумасына байланған балық қоймасының қақпағын ашады, енді балықтың қолға ілінгенін шұңқырдың ішінен қармай береді, егер балық бұлқынып кетсе, оның барар жері біреу – жоғарыда айтылған тоқыма торға өтеді. Мен балық ұстаудың мұндай әдісін ешбір жерден көрген емеспін» [1, 156], - деген жолдардан көне түркі тілінде балық аулаудың ең жабайы тәсілі учуг (үйшік) атауын еске салады. Учуг (үйшік) атауы туралы А. Марков: «Үйшік (учуг) – балық аулаудың ең көне және жабайы тәсілі, құралы. Халықтың ауызекі сөйлеу тілінде үйшік сөзінің шығу төркінін татар тілінен енген деген пікір бар. Татарлар балықтың жолына үйшікті немесе ағаш забойларды орнатқан. Орыс мемлекетіне Астрахан қосылғаннан кейін Иван Грозный Шаған, Увар және Яманчуг (Иванчуг) арналарына үйшікті орнатуға бұйырған. Содан соң Қамысөзек, Бозан және Гурьевте забойларды орнатқан» [12, 74], - деп жазған болатын.

Кезінде зерттеу жұмысымызда қазіргі Атырау (бұрынғы Гурьев) қаласын ертеде қазақтар бұл жерді «үйшік» деп атағанын және Үйшік (Гурьев) атауы ертеде балық аулаудың ең жабайы түрі көне түркі тіліндегі учуг (үйшік) сөзімен байланысты екенін және оны балықтардың «Жайық өзенінің бойымен жоғары өрлеп кетпесін» деген мақсатпен балықшылардың балық жолына кедергі ретінде ағаш забойлар (учуг) тоқыма тормен тоқылдып орнатылғанын көреміз [13, 68]. Бұл үнділердің балық аулау әдісінен ертедегі қазақтардың балық аулаудың ең көне учуг (үйшік) әдісін еске түсіретіні секілді. Дегенмен, бір кездері балық аулауға арналған тұзақтың сыртқы формасына (*үй сияқты көрінісі*), яғни балық аулау кәсібінің әдісіне [үйшік (учуг)] қарап, қазіргі Атырау қаласын ертеде Үйшік (Гурьев) деп атаса керек. Сонымен, балық аулаудың көне тәсілі учуг (үйшік) туралы автордың салған төмендегі суретінен жан-жақтан балықты айдап, үйшікке (учуг) балық жиналды-ау дегенде тоқылған торды екі жақтан тарту арқылы балықтың кері шығуына мүмкіндік бермейтінін көреміз.



Сурет 1. Марковтың «Были Астраханского края» (Волгоград, 1971) кітабынан алынды.

Қорыта келгенде, үнділер мен қазақтардың бұл балық аулау әдісінен балықтардың бір орыннан екінші орынға кетпес үшін қолданылған тәсілі, яғни біздіңше, ертеде құс аулауда құрылатын тұзақтар сияқты, балық аулауға арналған тұзақтың бір түрі болуы да мүмкін. Сонымен, қазақтар балықтардың су ағысымен жоғары жаққа кетпес үшін кедергі ретінде тоқыма тормен тоқылған ағаш забойларды орнату арқылы балықты ауласа, ал үнділер болса, жоғарыдағы

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences су ағысымен келе жатқан балықты қыста ұстап қалу үшін төменгі жеріне шұңқыр қазып оны жағалай қоршап, ошақ сияқты үстіне тас қалап, су өтетін бір ғана қалдырылған тесікпен балықтарды қазылған шұңқырға жинау арқылы аулайтынын байқаймыз. Бір сөзбен айтқанда, бір-бірінен алыс жатқан екі елдің күнкөріс кәсібінің бірі балық аулаудың әдіс-тәсілдерінен қазақтар сияқты үнділердің де ата кәсіптерінің бірі екенін аңғарамыз. Шығарма авторы өзі айтқандай, бұл балық аулаудың көне әдісі, яғни учуг (үйшік) әдісін еш жерде көрмегендіктен, мүмкін, үнді жеріндегі бұл тәсілді тағылау әдісі деп атауы әбден мүмкін.

Соғыс салты (өнері): жекпе-жек (батырлар айқасы)

Көшпелі халықтардың соғыс кезінде жауынгерлік/батырлар жекпе-жегін өткізу – өткен ғасырларда барлық халықтардың әскери соғыс өнеріне тән ортақ дәстүрі. Мысалы, қазақтың эпостық және батырлар жырларында жау батырларымен соғыс кезінде жекпе-жек айқасының өтуі – түркі халықтарында да кездесетін тұрақты сюжеттердің бірі екені белгілі. Бұл туралы этнограф-ғалым С. Кенжеахметұлы: «Бұрын соғыс батырлардың жекпе-жек айқасынан басталатын болған. Мұндай сайыста екі батырдың бірі мерт болады. Алайда хас батырлар жекпе-жекпен бас тартпаған. ...Жекпе-жек шарты – жеңіс. Жеңіс шарты жеңілген жаудың басын алу және атын, қару-жарағын олжалау...» [11, 77-78],- деп жазғандай, соғыста, тіпті, өмірде жеңісте, жеңілісте болатыны белгілі.

Осы орайда, Шығармада: «Ерлігімен аты шыққан Хати Қаққар біраз қарсыласты да, шыдай алмай шегінде. Ол еңсіз, тар қапшағайда **жекпе-жекке** төзе алмады, қамалға жеткеннен кейін ол қарсылықты күшейте алмады. ...Хати жалғыз өзі сытылып, қашып кетті, Дұст бек бұл айқаста көзге түсті де, оған сыйлық тағайындалды» [1, 257],- деген жолдардан батырдың жау қолына түспей қашып шығуы арқылы келесі батырдың ерлік жасауына мүмкіндік бергенін байқаймыз. Мұның өзін соғыста қолданылған әскери тактикалық тәсілі ретінде қарауға болады.

Жоғарыдағы асты сызылған жолдан сонау ерте заманнан күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан әскери сый-сияпат, яғни сыйлық беру салтын көреміз. Соның бірі - Шығармада кездесетін **батыр үлесі** салты туралы кезінде мақаламызда сөз еткендіктен [14, 295-301], бұл жерде қайталамай, тек «батыр үлесі» - әскери сый-сияпат мәнінде берілетін сыйлық деп түйгенді жөн көрдік.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның еларалық көпжақты ынтымақтастықтың бір көрінісі кешегі көшпенді түркі жұртының **батыр үлесі** салтынан да бастау алғанын, яғни қару-жаракты сыйлау немесе мемлекетаралық сый-сияпаттар, тіпті, соғыста көрсеткен ерлігі үшін және бүгінгі бейбіт заманда еңбек адамдарына берілетін атақ-дәрежелер, марапаттар екенін аңғарамыз. Бір сөзбен айтқанда, кешегі бейбіт кезде бүкілхалықтық астар мен тойларда өтетін жамбы ату, көкпар тарту, бәйге, балуан күресі т.б. сол жауынгерлік жекпе-жек сайысының алғашқы сатысы деп қараған жөн.

Халықтық термин: мойнақ асу

Шығарманы зерделеуде қазақ ұғымына жақын, әрі таныс екі сөздің тіркесуінен жасалған **мойнақ асу** атауына назар аударуды жөн көрдік. Оған себеп, *мойнақ* және *асу* сөзі кез келген өңір жоталары мен белдерінде жолдардың ыңғайына қарай, тіпті, су жолдарында да екінші жаққа өтуге қолайлы жерлерді атайтыны ғылымда да, халық ұғымында да халықтық терминдер ретінде белгілі. Шығармада: «Бұл жолдың бойында Хайбер тауында *мойнақ асу* бар» [1, 142] немесе «Олардың кейбірі: «Даштының батысындағы Кұх-и Мехтер Сүлеймен деп аталатын тау Дашта мен Дуктың аралығында. Осы таудың *мойнағын асып* түссең, ар жағында жол жазық, әрине, бұл бір-екі асу қашықтау» [1, 162],- деген жолдардан тіліміздегі **мойнақ асу** атауын кездестіреміз. Сонымен, атаудың бірінші компонентіндегі *мойнақ* сөзі Сөздікте: «Мойнақ I 2. Тау басының түйе мойнына ұқсас иіліп келген жері» [15, 569], - десе, Ғаламторда: «**Мойнақ - екі жерді қосатын, екі жағынан су шаятын жіңішке жер жолағы.** Мойнақ екі ірі су қоймасын қосатын бұғазға қарама-қарсысы болып табылады. Мойнақтан жиі арна салатын қойлайлы орын болып табылады,

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences себебі екі су қойма арасының ең жақын арақашықтығы болып табылады. Бұған танымал теңіз байланыстарын қасқартатын Суэц пен Панама арналары мысал бола алады. Бұрынғы уақытта мойнақтар кемелерді өткізетін өткел ретінде пайдаланылған» [16],- деп берілген. Ал екінші компоненттегі *асу* сөзі Сөздікте: «Асу 1. Тау жотасының өтуге қолайлы аласа жері» [15, 63],- делінсе, Ғаламторда: «Асу деп, **тау жотасының салыстырмалы түрде аласа, табаны жалпақ келетін, екінші жағынан асып өтуге қолайлы жерді атайды.** Олар тау арасындағы кезеңдердің биіктігіне сәйкес болады» [17],- деп жазады.

Зерттеу барысында топонимист-ғалым Э.М. Мурзаев ***мойнақ және асу*** халықтық **терминдері** жөнінде: мысалы, *мойнақ термині* хақында: «Мойун, моюн. шея (тюрк). ...В топонимии – перешеек, излучная реки, изгиб реки, изгиб горы, узкая полоса воды. Ккалп. *мойнак* – «бархан»; казах. *мойнақ* – «шея» (главным образом верблюжья), но и «перешеек», «узкая полоса воды», «сужение русла реки», «полоса суши, пески», «отмель» [Конкашпаев, 1951]; кирг. *мойнок* – «шея» (обычно верблюжья), но и «крутой горный перевал». В тадж. из тюрк. *мойнок* – «трудный горный перевал, дорога к которому поднимается серпантинами» [18, 372.], - десе, **ал асу/ашу** термині туралы «Ашу. высокий грный перевал (тюрк); хакас. и алт. *ажу*; тув. *ажыг*; казах. и ккалп. *асу*; азерб. и туркм. *ашылым*. От глагольный основы *аш* (туркм. и др. яз.) - «переходить», «переваливать через гору», «идти сверху вниз», «спускаться» [18, 61.], - деп, Орта Азия мен Қазақстан жерінде *мойнақ, асу* сөздерінің қатысуымен жасалған атаулардың барын алға тартып, түйіндейді.

Жалпы алғанда, жоғарыдағы халықтық термин *мойнақ және асу* сөзіне берілген анықтамадан және Шығармадан байқағанымыздай, ертеде олар бір-біріне синоним ретінде бір жерден екінші жерге өту мәнінде қатар қолданылғаны деп қараған орынды.

Қорытынды. Зерттеу объектімізге орай, талдауға негіз болған этнографиялық этюдтер қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің пайда болуы, дамуы мен қалыптасу тарихына ықпал ететін факторлардың бірі екеніне назар аударылды.

Зерттеу нәтижесінде біз санамаланған модельдерден басқа, Шығармадағы аң-құс аттарды аулау әдістері (*мысалы, құс салу, құс аулау*); өлшем (өлшем бірліктері: *қадам, шери, йигаиш, кари, құрық, мысқал, адым*); салмақ өлшемі мен сандық ұғымдар; жыл және уақыт мезгілдері атаулары (біздің және үнді халқының жыл мезгілі), кейде уақытты намаз оқу мезгілімен есептеу; ауру түрлері [(безгек, шешек, хасбе* (*қазіргі тілімізде қызылша), тұмау – адамда болатын, ал делбе – жылқы малында болатын ауру түрі)]; емдік-дәрілік шөптер туралы; өсімдік, жеміс-жидек түрлері, сондай-ақ, әскери өнерге қатысты (лауазым/діни аттарды қоса алғанда): *әмір, қожа, мырза, бек, шаһ, хан, тархан, сұлтан, патша, мәлік, әмірзада, дуан, уәзір, әкім, баба/кейде баба сөзінің орнына бек сөзін қолданылған, аға, тархан, шейх, сопы, қажы, шайқы, молда, ақалақшы, аламан, әйелге берілген титул: бике, ханым, бегім, әпке, сондай-ақ, қатардағы аспаздықтан жоғары тұрған аспаз дәрежесін «бақауыл» деп атауы, біздіңше, бүгінгі аға аспаз [(шеф-повар) мәнінде)], т.б. модель-атауларын туыстас түркі халықтарының этнографиялық ұғым-атауларымен салғастыра отырып зерттеу – Шығарманың әлі де болса өзектілігі екені сөзсіз.*

Тоқсан ауыз сөздің түйіні: жоғарыда айтылған пайымдаулардан Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ортағасырлық ортақ мұрасы «Бабырнама» шығармасында сақталған және ғасырлар бойы қалыптасқан көшпенді түркі жұртына тән этнографиялық ұғым-атауларын зерделеу арқылы қазақтың рухани-мәдени әлемінің кейбір қырларын модельдер аясында көз жеткізу еді.

Әдебиеттер тізімі

1. Бабыр Захир ад-дин Мухаммед. Бабырнама. Жоғары кл. оқушыларына арн./Орыс тілінен ауд. Б. Қожабеков. - А.: Жалын, 1990. - 320 б.
2. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. - А.: «Сөздік-

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №2 (80), маусым 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
Словарь» 1997. - 368 б.

3. Белбеу тастау https://kk.wikipedia.org/wiki/Белбеу_тастай - қараған күні - 21.10.24.

4. Қайратұлы Б. Жамбы ату <https://egemen.kz/article/119922-zhamby-atu---dgauyngerlik-oner> - қараған күні - 21.10.24.

5. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі/Редколл.: А. Ысқақов, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев. - Алматы, 1966. - 240 б.

6. Төрт батыр. - А.: Жалын, 1990- 216 б.

7. Джанузакوف Т. Очерк казахской ономастики. - А-Ата: «Наука», 1982. - с. 176.

8. Қожанұлы М. Қазақ этнонимдер жүйесі (Қазақстанның батыс өңірі этнонимдеріне қатысты тарихи, шежіре және тілдік деректер негізінде). - Аст., 2011. - 448 б.

9. Мұқанов С. Қазақ қауымы (Тарихтық және этнографиялық шолу). - А.: Ана тілі, 1995. - 304 б.

10. Қожанұлы М. Мәлім және беймәлім жүз отыз сөз (Қазақстанның батыс өңірі этнонимдері мен генонимдері негізінде). Көмекші оқу құралы (анықтамалық сөздік). - А.: «Қазақ тілі» басп., 2016. - 272 б.

11. Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. Көмекші оқу құралы. - А.: Санат, 1988. - 256 б.

12. Марков А.С. Были Астраханского края. - 2-е изд., доп. - Волгоград: Ниж.-Волж. кн. изд-во, 1976. - 319 с.: ил.; 21 см.

13. Қожанұлы М. Атырау облысының жер-су аттары. - Аст., 2005. - 144 б.; Қожанұлы М. Атырау өңірінің жер-су атаулары. - Нұр-Сұлтан, 2019. - 174 б.

14. Қожанұлы М. «Бабырнама» жазбасындағы кейбір әскери өнердің тарихи аспектілері туралы//БҚМУ Хабаршысы №1 (61), 2018. - 295-301 б.

15. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - А.:Дайк-Пресс, 2008. - 968 б.

16. Мойнақ <https://kk.wikipedia.org/wiki/Мойнақ> - қараған күні - 03.11.24.

17. Асу <https://kk.wikipedia.org/wiki/Асу> - қараған күні - 03.11.24.

18. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов» - М.: «Мысль», 1984. - 653 с.

References

1. Babyr Zahir ad-din Muhammed. Babyrnama. Joǵary kl. oqushylaryna arn./Orys tilinen aud. B. Qojabekov. - A.: Jalyn, 1990. - 320 b.

2. Qūralūly A. Qazaq dāstūrlı mādenietinıñ ensiklopedialyq sözdıǵı. - A.: «Sözdık-Slovär» 1997. - 368 b.

3. Belbeu tastau https://kk.wikipedia.org/wiki/Belbeu_tastau - qaraǵan künı - 21.10.24.

4. Qairatūly B. Jamby atu <https://egemen.kz/article/119922-zhamby-atu---dgauyngerlik-oner> - qaraǵan künı - 21.10.24.

5. Qazaq tılınıñ qysqaşa etimologialyq sözdıǵı/Redkoll.: A. Ysqaqov, R. Syzdyqova, Ş. Sarybaev. - Almaty, 1966. - 240 b.

6. Tört batyr. - A.: Jalyn, 1990- 216 b.

7. Dzhanzuzakov T. Ocherk kazahskoj onomastiki. - A-Ata: «Nauka», 1982. - s. 176.

8. Qojanūly M. Qazaq etnonimder jüiesı (Qazaqstannyñ batys öñiri etnonimderine qatysty tarihi, şejire jäne tıldık derekter negızinde). - Ast., 2011. - 448 b.

9. Mūqanov S. Qazaq qauymy (Tarihtyq jäne etnografialyq şolu). - A.: Ana tılı, 1995. - 304 b.

10. Qojanūly M. Mālım jäne beımālım jüz otyz söz (Qazaqstannyñ batys öñiri etnonimderi men genonimderi negızinde). Kömekşı oqu qūraly (anyqtamalyq sözdık). - A.: «Qazaq tılı» basp., 2016. - 272 b.

11. Kenjeahmetūly S. Ūlttyq ädet-ǵūryptyñ beımālım 220 türı. Kömekşı oqu qūraly. - A.: Sanat,

12. Markov A.S. Byli Astrahanskogo kraja. - 2-e izd., dop. - Volgograd: Nizh.-Volzh. kn. izd-vo, 1976. - 319 s.: il.; 21 sm.

13. Qojanūly M. Atyrau oblysynyñ jer-su attary. - Ast., 2005. - 144 b.; Qojanūly M. Atyrau öñiriniñ jer-su ataulary. - Nūr-Sūltan, 2019. - 174 b.

14. Qojanūly M. «Babynama» jazbasyndaǵy keibir äskeri önerdiñ tarihi aspektleri turaly//BQMU Habarşysy №1 (61), 2018. - 295-301 b.

15. Janūzaqov T. Qazaq tiliniñ tüsindirme sözdıǵı. - A.:Daik-Pres, 2008. - 968 b.

16. Moinaq <https://kk.wikipedia.org/wiki/Moinaq> - qaraǵan künı - 03.11.24.

17. Asu <https://kk.wikipedia.org/wiki/Asu> -qaraǵan künı - 03.11.24.

18. Murzaev E.M. Slovar' narodnyh geograficheskikh terminov» - M.: «Mysl'», 1984. - 653 s., il.

НЕКОТОРЫЕ ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ ЭТЮДЫ НА ПАМЯТНИКЕ «БАБЫРНАМА»

КОЖАНУЛЫ М. 

Қожанұлы Манасбай – Кандидат филологических наук, профессор, Национальный университет обороны Республики Казахстан, г. Астана, Казахстан

E-mail: m_kozhanuly@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9935-0750>

Аннотация. В статье рассматриваются некоторые этнографические понятия (этюдах) об историческом характере и аспектах в средневековом историко-литературном памятнике «Бабырнама», являющемся общим наследием народов Средней Азии и Казахстана XV-XVI вв. В произведении описываются образ жизни, профессии наших предков той эпохи и стран, в которых они правили, и даже о нравственном (духовно-культурном) азбуке и законности того времени. Акцентируя внимание на том, что смысловые признаки этнографических этюдов, послужившие основой для статьи, являются одним из факторов, способствующих истории возникновения, развития и становления казахских обычаев, традиций и подкрепляя их научно-информационными ресурсами, мнением ученых-исследователей. Это само по себе свидетельствует о сохраняющейся актуальности изучения данной работы. Автор, рассматривает некоторые аспекты этнографических этюдов, сохранившихся в «Бабырنامه» и сложившихся на протяжении веков для кочевых тюркских народов, с казахским духовно-культурным миром и их еще одним размышлением и познавательным подходом к модели. В последнее время появившаяся в науке о роли и месте воспитания мальчиков как в современных, так и в прошлых обществах является актуальным изучение область этнопедиатрии в сочетании с различными другими областями науки.

Ключевые слова: памятник «Бабырнама», этнографические понятие-имена (этюды): игра в щиколотки, сброс пояса, стрельба по бедрам

SOME ETHNOGRAPHIC SKETCHES AT THE MONUMENT «BABYRNAMA»

KOZHANULY M. 

Kozhanuly Manasbay – Candidate of philological sciences, professor, National defense university of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

E-mail: m_kozhanuly@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9935-0750>

Abstract. The article discusses some ethnographic concepts (sketches) about the historical character and aspects of the medieval historical and literary monument «Babynama», which is the common heritage of the peoples of Central Asia and Kazakhstan of the XV-XVI centuries. The work describes the lifestyle, professions of our ancestors of that era and the countries in which they ruled, and even the moral (spiritual and cultural) alphabet and legality of that time. Emphasizing that the semantic features of ethnographic sketches, which served as the basis for the article, are one of the factors contributing to the history of the emergence, development and formation of Kazakh customs, traditions and supporting them with scientific and information resources, the opinion of research scientists. This in itself testifies to the continuing relevance of studying this work. The author examines some aspects of ethnographic sketches preserved in «Babynama» and developed over the centuries for nomadic Turkic peoples, with the Kazakh spiritual and cultural world and their other reflection and cognitive approach to the model. Recently, the field of ethnopediatrics has appeared in science about the role and place of upbringing

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №2 (80), маусым 2025

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
boys in both modern and past societies, and it is relevant to study it in combination with various other fields of science.

Key words: monument «Babynama», ethnographic concepts-names (sketches): game of ankles, throwing off the belt, shooting at the thighs.